

Мәслихаттың 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 23 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 183 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 15 желтоқсанда № 7393 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 2020 жылғы 11 тамыздағы № 460 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы мәслихатының 11.08.2020 № 460 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, Федоров аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 23 "Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6349 болып тіркелген, 2016 жылғы 26 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларында:

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"16. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар егер:

1) өтініш берілмеген болса;

2) оларды өткізу кезінде "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 7, 8-баптарымен көзделген тәртіп бұзылған жағдайда Федоров ауданының әкімдігі өкілінің талабы бойынша тоқтатылады.";

жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуді қосымша реттеу туралы қағидаларына 1, 2-қосымшалары осы шешімнің 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аудандық мәслихаттың хатшысы

КЕЛІСІЛДІ

"Федоров ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік

мекемесінің басшысы

_____ А. Қойшибаева

Р. Байменов

Б. Исенғазин

Мәслихаттың
2017 жылғы 29 қарашадағы
№ 183 шешіміне 1-қосымша
Жиналыстар, митингілер,
шерулер, пикеттер және
демонстрациялар өткізуді
қосымша реттеу туралы
қағидаларына 1-қосымша

Жиналыстар және митингілер өткізу орындары

№ р/с	Жиналыстар және митингілер өткізу орындары
1	Федоров ауылы, Легкодухов көшесіндегі орталық алаңына кіре берісте

Мәслихаттың
2017 жылғы 29 қарашадағы
№ 183 шешіміне 2-қосымша
Жиналыстар, митингілер,
шерулер, пикеттер және
демонстрациялар өткізуді
қосымша реттеу туралы
қағидаларына 2-қосымша

Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары

№ р/с	Шерулер және демонстрациялар өткізу маршруттары
1	Федоров ауылы, Легкодухов көшесіндегі орталық алаңына кіре беріс - Красноармейская көшесі - Набережная көшесі - Юнацкий көшесі - Легкодухов көшесі - орталық алаңына кіре беріс